



СӨЖ

ТАҚЫРЫБЫ: ЖҰҚПАЛЫ ҮРДІС, АНЫҚТАМАСЫ, ЖҰҚПАЛЫ ҮРДІС ТҮРЛЕРІ.

Орындаған: Нуртлеу А.Б.

Тобы: ЖМ16-013-02

Қабылдаған:Сагатбаева Н.А.

Алматы-2018

Жұқпалы аурулар - бір топ патогенді қоздырғыштармен шақырылатын, жоғары жұғуымен, цикл түрінде өтуімен сипатталатын, арнайы иммунитет құратын кең таралған аурулар.

Инфекциялық процесс – қоздырғыш пен макроорганизмнің белгілі бір жағдайдағы өзара әрекетінің күрделі комплексі.


Қоздырғыш пен адам ағзасының өзара әрекетінің түрлері әртүрлі болып келеді және қоздырғыштың биологиялық қасиеттеріне, макроорганизм ерекшеліктеріне байланысты. Бұл әрекеттің бірнеше түрлері бар.



Клиникалық белгілерімен көрінетін (манифестік) түрлерінің **жедел және созылмалы** ағымын ажыратады. Көбінесе, жұқпалы ауруларға жедел басталауы тән. Ол аурудың патогенезінің бактериемия сатысына сәйкес болып келеді. Қоздырғыш көбейіп көп мөлшерде қанға өткенде дене температурасы күрт жоғарлайды. Ол ағзаның қорғаныс реакциясына жатады. Себебі, дене қызуы көтерелілген жағдайда қанның бактерицидті әсері жоғарлайды. Сондықтан, жұқпалы аурулар кезінде антипиретиктерді қолдануға тыйым салынады. Интоксикацияға қарсы күресу барысында көп мөлшерлі су ішу, немесе ертінділерді тамыр ішіне енгізу қажет.

Ал, жұқпалы аурулардың созылмалы түрі қоздырғыштың адам ағзасында ұзақ сақталып қалуына байланысты (мысалы созылмалы бруцеллез, созылмалы вирусты гепатиттер және т.б).






Жұқпалы аурулар — жұқпалы (инфекциялық) аурулар ерте заманда-ақ олардың жаппай таралуы мен ауыр түрде өтуін сипаттайтын әр түрлі атаулармен белгілі болды. Жұқпалы аурулар туралы ғылымның дамуында әр түрлі қоздырғыш микробтардың ашылуы үлкен рөл атқарды. «Инфекция» деген латын сөзі «ластану» дегенді білдіреді.

Жұқпалы аурулар адам ағзасына қоздырғыштың енуінен кейін пайда болады. Қоздырғыш-микробтар ауру адамнан сау адамға беріле алады. Белгілі бір жағдайларда ауру жаппай таралады (індет).



Ауру туғызатын микробтар бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар болуы мүмкін.



Жұқпалы аурулар жөніндегі ілімнің дамыған кезеңі – 18 ғасырдың соңы. Ұлы ғалымдар Л.

Пастер, Р.Кох, Д.И.Ивановский және басқалар осы дәуірде бір қатар жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын бөліп алған. Кейінгі жылдары ғылыми микробиологияның даму нәтижесінде жұқпалы аурулар жеке пән болып қалыптасып осы дерттердің қоздырғыштарын, эпидемиологиясын, патогенезін, патологиялық анатомиясын, ағым белгілерін, анықталуын, емделуін және алдын алу жолдарын ғылыми тұрғыдан зерттеулерге жол ашты.

Қазіргі заманда барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, жалпы халықтың сырқаттануында жұқпалы патологияның орны ерекше, орта есеппен барлық аурулардың 70% негізі инфекцияларға байланысты.



Жұқпалы аурулар дүние жүзінде маңызды мәселелердің бірі. Бұрын эпидемиялар мен пандемиялар адам өліміне басты себебі болған.

Жұқпалы аурулардың ерекшеліктері

- 1) Жұқпалы ауру туу үшін этиологиялық фактор қажет. Қоздырғыш организмде қорғаныс факторларын (капсула, L — түрлері) түзіп, өзіне тіршілік етуіне әрекет жасайды (соның ішінде антибиотиктерге төзімділік құрастыру).
- 2) Жұқпалы ауруларға жұғыстық тән, әр науқас — ауру көзі ретінде қауіпті. Жұқпалы аурулар кең таралып, «лап етіп» өршу, эпидемия немесе пандемия түрінде өтеді.
- 3) Жұқпалы аурулар көбінесе циклдік түрде өтеді (соматикалық, хирургиялық аурулардан басты айырмашылығы)
- 4) Бірталай жұқпалы аурулардан кейін тұрақты, ұзақ иммунитет қалыптасады (қызылша, дифтерия, скарлатина, желшешек т.б), кейбір аурулардан кейін типіне байланысты қысқа мерзімді иммунитет (ішек инфекциялары), кейбір инфекциялардан кейін иммунитет қалыптаспайды.



Жұқпалар сезімтал организм мен микробтардың өзара әсерлерінен дамиды. Жұқпалы аурулардың, басқа аурулар сияқты, өздерінің себепкер ықпалдары мен даму жолдары болады. Олардың дамуында сырттан енген жұқпаларға қарсы тұтас организмнің, жүйелердің, ағзалар мен тіндердің және жасушалардың деңгейлерінде қорғаныстық тетіктері қосылады. Бұл тетіктер жеткілікті болғанда организм жұқпалардан нәтижелі қорғанып, сырқаттану болмайды немесе ол жеңіл түрде ғана болады. Ал олар жеткіліксіз болғанда ауыр жұқпалы аурулар дамиды.




Жұқпалы үрдістердің бірнеше түрлерін ажыратады:

- **Сепсис** – жұқпалардың бүкіл денеге жайылған ауыр түрі. Бұл кезде міндетті түрде немесе шартты түрде дерт туындататын микробтардың денеге жайылуынан организмнің жүйелі қабынуы болады;
- Септикопиемия – науқас адамдардың әртүрлі ағзалары мен тіндерінде іріңді ошақтардың қалыптасуымен сипатталатын түрі;
- **Бактериемия, вирусемия, фунгиемия** – бактериялардың, вирустардың, майда саңырауқұлақтардың қанда болуымен, бірақ олардың онда өсіп-өну белгілері болмауымен, көрінетін түрі;
- **Салдарлық жұқпалар** – организмде бар бір жұқпалы ауру кезінде екінші бір микробтардан туындаған жұқпалы үрдістің түрі;
- **Микстинфекция** – бір мезгілде бірнеше микробтардан дамитын жұқпалы үрдіс түрі;
- **Реинфекция** – науқас адам сауыққаннан кейін сол дертті туындатқан микробтың әсерінен жұқпалы үрдістің қайталануы;
- **Суперинфекция** – науқас адам сауықпай жатып, сол дерт туындатқан микробты қайта жұқтыруы.




Адам тәні мен микробтардың өзара қатынастары үш түрде болуы
ықтимал.

Бірінші түрінде микробтар организмнен өзіне қажетті қоректік заттар тауып тіршілік етеді. Көпшілік жағдайда олар уытты заттар өндіріп шығарады Осыдан организмге олар зиянын тигізеді және дерт туындатады. Осындай жағдайды масылдық (паразитизм) дейді.




Екінші түрінде микробтар мен организмнің өзара тиімді тіршілік етуі болады. Мәселен, адам тәні мен қалыпты ішек бактерияларының тіршілігі бір-біріне пайдалы әсер етеді. Осындай жағдайды септесіп тіршілік ету (мутуализм, лат. *mutuus* - өзара) дейді. Бірақ бұл бактериялар ішекте ғана болуы қажет. Егер әртүрлі себептерден олар денеге тарап кетсе, онда олардың уыттарынан организмнің уыттануы, тіпті сепсистік сілейме (шок) дамуы ықтимал.



Үшінші түрінде микробтардың тіршілігі организмге зиянды әсер етпейді. Мәселен, қалыпты тері мен шырышты қабықтардағы, ішектердегі бактериялар. Олар организмнен қажетті қоректік заттарын алып тіршілік етеді, бірақ оған зиянын тигізбейді.

Осындай жағдайды табақтастық (комменсализм, франц.- commensal – табақтас) немесе табақтасып тіршілік ету дейді.

Бұндай микробтарды шартты түрде дерт туындататын микробтарға жатқызады. Организмнің иммундық жүйесінің бұзылыстарында олардың әсерлерінен оппортунистік (лат. opportunus – көнгіш, ыңғайлы) жұқпалы аурулар дамиды.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**

